

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мүлкін берудің жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 сәуірдегі N 325 қаулысы

Халыққа табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда жедел көмек көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне мынадай:

06.04.1978 жылы шығарылған зауыттық N 93016, борт N 30 МИ-8 МТ;

15.05.1978 жылы шығарылған зауыттық N 93030, борт N 45 МИ-8 МТ тікұшақтарды берсін.

2. Тікұшақтарды пайдалануға байланысты іс-шараларды қаржыландыру республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражат шегінде және есебінен жүргізілілетін болып белгіленсін.

3. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің МИ-8 тікұшақтарын кейбір жергілікті атқарушы органдардың пайдалануына беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 қазандағы N 1323 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кейбір жергілікті атқарушы органдардың пайдалануына берілетін МИ-8 тікұшақтарының тізбесінен реттік нөмірлері 1 және 3-жолдары алынып тасталсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі